



# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 3-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТАУЫ

Спинозаның саяси детерменизмі.  
Локктың азаматтық қоғамы және  
Монтескье заң туралы



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 16. Спинозаның саяси детерменизмі. Локктың азаматтық қоғамы, Монтескье заң туралы

Спиноза өзінің Теологиялық саясат трактатында 1670 жылы ұсынған саяси теориясы Гоббс осындан екі онжылдық бұрын Левиафанда ұсынған теорияны еске салады. Екі философ та детерменист болды, сондықтан екеуі де адам табиғатын түпкілікті эгоистік деп түсінуден бастады. «Әрбір адамның, – дейді бізге Спиноза, – өзінен басқаға назар аудармай, өзін қандай күйде болса, сол күйінде сақтауы – бұл табиғаттың дербес заңы және құқы». Спинозаның табиғи заңдар дегені – адамдар оларға бағынуы тиіс ережелер мен принциптердің жиынтығы емес: оның айтып тұрғаны, шамасы, тірі немесе жансыз нәрселердің мінез-құлқын анықтайтын табиғи заңдылықтар. Балықтардың табиғи құқықтары адамдардың құқықтарынан кем емес және мәңгілік құрылымда адам тозақ ғана.

Адамның табиғи құқықтарын ақыл-ой емес, құмарлықтар мен күш белгілейді; әрбір дана немесе ақымақ адамның қалаған және жете алатын нәрсесіне құқы бар; табиғат ешкім қаламаған және ешкім жете алмайтын нәрсеге ғана тыйым салады. Соған қарамастан, адамдардың ақыл-ойдың заңдары мен ережелері бойынша өмір сүргені дұрыс. Себебі мұның бәрі заңды болған күннің өзінде де, әрбір адам жауласу, жек көру, ашу және алдау жағдайында өмір сүруге мәжбүр. Сондықтан ақыл-ойды басшылыққа алып, зиянды құмарлықтарын басып, жасайтындарын жасау үшін адамдар келісімге келулері тиіс.

Бірақ бір адам мен екінші адамның арасындағы келісімшарт деп тұжырымдайды Спиноза, ол пайдалы болғанша ғана әрекет етеді; мен кез келген уәдемді ол мен үшін пайдасыз болған бойда-ақ бұза аламын. Сондықтан келісімшартты оны адамдар бұзғанда туындайтын зұлымдықтан үлкенірек зұлымдықпен күшейте түсу қажет. Бұған әрбір адам өзінің бүкіл билігін кейін барлық нәрселерге суверендік табиғи құқыққа ие болатын саяси ұйымға бергенде ғана жетуге болады. Гоббстың билігі сияқты, бұл билік те ешқандай да заңдармен байланысты емес, және әрбір адам оған барлық жағынан бағынуы тиіс.

Бірақ сувереннің азаматтық қоғамдағы құқықтары, адамның табиғи құқықтары сияқты, тек оның билігінде ғана әрекет ете алады. Егер өзінің еркін қызметін қамтамасыз етуге оның билігі жетпесе, оған құқықтар да жетіспейді. Сол себепті адамның өз құқықтарын мемлекетке беруі ешқашан да толық болмайды: суверен өзінің қол астындағы субъектінің ішкі сезімдерін билей алмайды. Бұл тұста Спиноза өзін Гоббстан жіті бөліп көрсетеді: адамның ешқандай ақылы басқа адамның құзырына толығымен берілмейді, себебі ешкім де өзінің еркін ақылға табиғи құқын басқаға өз еркімен бере алмайды немесе осылай жасауға мәжбүр болмайды. Спиноза басқарудың ең табиғи формасы деп есептеген демократияда «ешкім өзінің табиғи құқын өзі соның бөлімі болып саналатын қоғамның көпшілігіне ғана беретін істерінде таңдау қалмайтындай етіп бермейді. Осылайша адамдардың бәрі табиғи күйлеріндегі сияқты тепетең болып қала береді» және де Спиноза Гоббспен салыстырғанда, мемлекет сувереніне бағынудың жағымдырақ себебін ұсынады. Бұл басқалардың шабуылынан жәй ғана қорғану емес; ол, сонымен қатар, өзін толық жүзеге асырған өмірді қамтамасыз етуі тиіс.

Мемлекеттің абстрактылы теориясынан және тарих, әсіресе, еврейлер тарихы туралы пайымдаулардан, Спиноза айтарлықтай нақты саяси тұжырымдар шығарады. Біріншіден, дінбасыларға саяси билік беру ылғи да жаман салдарларға әкеледі. Жақсы үкіметтер діни сенімдер мен философиялық пайымдауларға еркіндік берген жағдайда әңгіме басқа. Әркімде өзінің негізгі дінін таңдау еркіндігі болуы тиіс, себебі қарапайым пікірге бағытталған заңдар бір де бір қылмыскерді жазаламай, адал адамдардың ашуын туғызады. Ақырында, Спиноза сіздер монархияны құрған бойда-ақ, одан құтылу қиынға соғады деп ескертеді. Осы пікірін дәлелдеу үшін ол Англияның таяу тарихын, заңды корольді орнынан тайдырғанда, оның тағына бұрынғы билеушіден де асып түскен озбырдың отырғанын еске салады.

## Локк азаматтық қоғам туралы

Спиноза Карл II король тағына қайта отырғаннан кейін жазды, дәл осы корольдің тұсында құдайы құқық теориясы ағылшын философтарының басты мәселесіне айналды. 1680 жылы Гоббстың дүниеден озғанына бір жыл өткен соң, «Патриарх немесе корольдердің табиғи күші» атты кітап жарық көрді. Оны роялист, жер иеленуші, мемлекеттік билік кезеңінде қайтыс



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 16. Спинозаның саяси детерменизмі. Локктың азаматтық қоғамы, Монтескье заң туралы

болған Роберт Филмер бірнеше жыл бұрын жазған еді. Ол монархтың елдің үстінен жүргізіп отырған билігін әкесінің отбасын билеуімен салыстырды. Оның тұжырымынша, корольдің билігі Адамның корольдік патриархалдық билігінен туындайды, сондықтан парламент секілді сайланбалы органдар тарапынан жасалатын шектеулерден азат болуы тиіс. Филмердің кітабы дәуірдің ең ықпалды философы Джон Локктың оңай нысанасына айналды.

Гоббс секілді, Локк та өзінің «Азаматтық қоғамының» екі трактатында табиғи күйді қарастырудан бастайды. Оның тұжырымдауынша, Филмердің үлкен қателігі – адамдардың табиғатынан еркін және бір-біріне тең екенін терістеуі. Табиғи күйде адамдарда жер меншігі жоқ, сондықтан бірге өмір сүреді, «адамдардың бәрі, – дейді ол, – осындай күйде және осылай болып қала береді де, өзара келісе отырып, қандай да бір саяси қоғамның мүшелеріне айналады».

Локктың табиғи күйге көзқарасының Гоббсқа қарағанда оптимизмі көбірек. Бұл соғыс жағдайы емес, себебі адамдардың бәрі өздерінің тең, тәуелсіз, «ешкім басқа адамның өміріне, еркіндігіне немесе меншігіне зиян келтірмеуі тиіс» деп үйрететін табиғи заң туралы біледі. Бұл заң жер бетіндегі суверен немесе азаматтық қоғам үшін міндетті. Бұл табиғи құқықтарды, атап айтқанда, өмір сүру, өзін-өзі қорғау және еркіндік құқықтарын береді. Ешкім өмір сүру құқықын, мейлі ол өзінің немесе басқалардың өмірі болсын, тартып ала алмайды және ешкім өзін немесе басқаларды құлдыққа салып, еркін болу құқығынан айыра алмайды.

Табиғи күйде меншік атаулыдан не бар? Бұрынғы саяси теоретиктер айтқандай, жердің бәрі адамзатқа ортақ па, әлде Құдай оны әртүрлі халықтар мен отбасыларға бөліп берді ме? Әлде қоғам болып ұйымдасқанға дейін жекеменшік деген жоқ па?

Локктың жауабы керемет. Меншік атағын беретін, тіпті табиғи күйде де, еңбек. Менің еңбегім – менікі, бұл күмәнсіз; және де өз еңбегімді табиғи өнімдермен араластыра отырып, су шығарып, ормандарды тазалап, топырақты өңдеп және жемістерді жинап, мен өзім еңбектенген және одан жасап шығарған нәрселеріме құқықты боламын. Бірақ менің құқыым шексіз емес: мен өз еңбегімнің өзім тұтына алатын өнімдеріне және жердің өзім өңдеп, пайдалана алатын көлеміне ғана құқыым бар. Алайда ие болған нәрселерімді мен балаларыма бере аламын, мұрагерлік құқық табиғи болып саналады және кез келген азаматтық кодтаудың алдында тұрады.

Локктың меншік құқы туралы көзқарастары Гоббстан өзгеше: ол алдыңғы орында тұрады және қандай да бір ковенанттан тәуелсіз. Бірақ табиғи күйде адамдардың меншік құқы тұрақсыз. Басқа адамдар табиғи түсініктер туралы біле тұра, оларды бұзуы мүмкін және оларды тәртіпке келтіретін орталық билік жоқ. Жекелеген тұлғаларда жазалау құқы теориялық түрде бар; бірақ оған өкілеттіктері жетпеуі мүмкін, нәтижесінде адам өз ісі бойынша сотқа тартылмай қалады. Дәл осы себеп, атап айтсақ, адамдар өздерінің кейбір табиғи еркіндіктерінен бірге бас тартып, «қосылуға және бір-бірімен жайлы, қауіпсіз және бейбіт өмір сүру үшін және меншіктерін қауіпсіз пайдаланып, оларды қорғауды қамтамасыз ету үшін бірігуге», мемлекетті осы жалғыз мүмкін тәсіл арқылы тағайындауға қол жеткізеді.

Сондықтан қоғамның жекелеген мүшелері табиғи заңдардың орындалуын қамтамасыз ету үшін өздерінің барлық өкілеттіктерін орталық органға береді. Үкімет үлкен билікке ие және жекелеген тұлғалардың меншік құқығының сақталуын қамтамасыз ету ісінде оқшауланған тұлға үміттенгеннен әділірек болады деп күтіледі. Келісім бойынша құрылған орталық билік олардың легитимдігі табиғи жағдайда күмәнділеу болған екі институтқа: жерді басып алуға және ақша тағайындауға өкілеттілік береді. Бұл институттар өндірісті және адамның қарапайым өмір сүруіне қажетті нәрселерден көбірек заттарды пайдалануды заңдандырады, бұл өз кезегінде қоғамға тиімді.

Азаматтар заң шығаратын билікке ортақ игілікке жеткізетін заңдар қабылдау құқықын, ал атқарушы билікке – осы заңдардың орындалуын қамтамасыз ету құқықын береді (Локк биліктің осы екі тармағын бөлудің маңызды себептерін білетін). Заң шығарушы және атқарушы биліктің бірнеше әртүрлі формалары болуы мүмкін: қай формасын қабылдау қажеттігі туралы шешімді азаматтардың басым көпшілігі (немесе ең аз дегенде меншік иелері) қабылдайды. Бірақ Локк болжағандай, атқарушы билік өлім жазасын жүзеге асыру құқықын қамтитын болса, мәселе туындайды. Алғашқы тұлғалар өздері ие құқықтарды ғана бере алады, бірақ табиғи заң бойынша ешкім суицид құқығына ие емес. Сонда бір адам басқа біреуге қалайша, тіпті шартты түрде болса да, оны өлтіру құқықын бере алады? Әрине, мұндай құқық тек Құдайдың қолында; Филмердің билеушілерге билікті Құдайдан тікелей беруінің аргументтерінің бірі осы еді.



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 16. Спинозаның саяси детерменизмі. Локктың азаматтық қоғамы, Монтескье заң туралы

Алайда бұл Локктың замандастары мен ізбасарлары оның әлеуметтік келісімшарт теориясына енгізе алған қарсы тұжырымдардың бірі ғана еді. Ең көп тарағаны – осындай келісімшарт туралы қандай да бір жазбалардың жоқтығы. Локк кейбір шындыққа жанаспайтын тарихи мысалдар келтіреді, бірақ оның айқын көрінетін және көрінбейтін келісімнің арасындағы айырмашылықты көрсетуі маңызды болды. Ол кез келген үкіметтің сақталуы азаматтардың әрбір буынының үнемі келісім беріп отырауына тәуелді деп табанды тұжырымдайды. Осындай келісімнің, – деп мойындайды ол, – айқын байқалып отыруы сирек кездеседі, бірақ мұндай келісімді қоғамның игіліктерін, мысалы мұраны қабылдай отырып немесе тас жолмен саяхаттай отырып, пайдаланатын кез келген адам бере алады. Ол басқа елге көшкенде немесе табиғат аясында өмір сүргісі келіп, шөл аймаққа аттанғанда, өзінің келісімінен кез келген уақытта бас тарта алады.

Локктың әлеуметтік келісімшартының Гоббстың конвенциясынан негізгі ерекшелігі – Гоббстың суверендері сияқты емес, билеушілердің өздері алғашқы келісімшартқа қатысушы тараптар болып саналады. Олар өздерінің өкілеттігін қоғамдастықтың сенімді тұлғасы ретінде атқарады және билік оған жүктелген сенімді бұзса, адамдар оларды алып тастайды немесе ауыстырады. Заңдар үш шартқа сай болулары тиіс: олар адамдардың бәріне бірдей болуы қажет; олар адамдардың игіліне қызмет етулері керек; адамдардың келісімінсіз салық салынбауы тиіс. «Жоғары билік ешкімнен де оның мүлкін келісімінсіз ала алмайды. Осы ережелерді бұзып, жалпы игілік үшін емес, өзінің мүдделері үшін басқаратын билеуші өзінің қол астындағылармен шайқасады, ал көтеріліс өзін-өзі қорғау формасы ретінде дұрыс құбылыс деп бағаланады. Өзінің Трактаттарын жариялаған кезде Локк, шамасы, Стюарттар корольдерін және 1688 жылғы әйгілі революциясы туралы айтқысы келген сияқты.

Кейінгі көптеген сыншылар атап көрсеткендей, Локктың бұл ілімі ерекшелікке ие емес және жүйесіз. Онда ортағасырлық табиғи құқық пен өз еркімен жасалған конфедерацияның постренессанстық теорияларының онша сенімді емес элементтері тоғысқан. Десек те, ол өте ықпалды болды және оның әсері табиғи күй және табиғи құқық теориясына сенуден қалған адамдардың арасында әлі де болса сақталып отыр. Құрама Штаттарды құрушылар екінші Трактатқа ерекше сүйенді, сонымен қатар, Георг III король қатыгез үкіметінің және жөнсіз салық салуының кесірінен билік ету құқынан айрылып, өзінің американдық қол астындағыларының жауына айналды және Стюарт монархтардан кем түспеді деп тұжырымдады.

## Монтескье заң туралы

Америка конституциясы Локктан алпыс жас дерлік кіші француз философы Монтескьеге де біршама қарыздар. Монтескье дәлелдігі онша емес географиялық, тарихи және әлеуметтанулық мәліметтердің орасан зор қорын жинап, оның негізінде мемлекет табиғаты теориясын құрастырды. «Адамдарды», – дейді ол, – көптеген факторлар: климат, дін, заң, билік ережелері, өткен дәуірдің үлгілері, салт-дәстүрлер, мінез-құлықтар басқарады; және де осындай ықпалдардың жиынтығынан қоғамның бәріне ортақ рух пайда болады». Нақты қоғамның негізгі рухы оған сәйкес заңнан көрініс табады; ол «Заңдар рухын» құрастырады, және Монтескьенің саяси трактаты осылай аталды.

Шарль Луи де Монтескье (1689–1775) француз ақсүйектерінің отбасында дүниеге келеді. Сол кездегі беделді оқу орындарында оқып, білім алады.

Негізгі еңбектері: «Персиялық хаттар», «Заңдардың рухы жөнінде», «Римдіктердің өрлеуі мен құлдырауының себептері».

Өзінің ең алғашқы «Персиялық хаттар» атты еңбегінде Монтескье монархиялық тәртіпті, ақсүйектердің дүние шашуын, діни қызметкерлердің екіжүзділігін айыптап, сынға алады, оларды Шығыстағы «Азиаттық деспотиямен» салыстырады.

Әсіресе ол христиан дінін қатты сынады. Христиан діні сүйіспеншілік діні болуға тырысқанымен, өзінің тарихында талай-талай қақтығыс пен соғыстарды әкелді. Христиандарда ақылға сыймайтын мәселелер көп: оларға үш бірмен тең, жеп отырған нандары – нан емес, ішкен шараптары – шарап емес т.с.с. Бірақ ол христиан дінін сынағанмен, Құдай идеясын толығынан теріске шығарған жоқ. Ол бұл мәселе бойынша деистік көзқараста болды.



Құдай өзінің құдіретті күшінің негізінде табиғатты және оның заңдылықтарын тудырды, ал содан кейін ол табиғаттың әрі қарай өмір сүруіне килікпейді. Екіншіден, дінге гуманистік-өмірлік бағыт бергісі келді. Мысалы, оның ойынша, егер Құдай дінді адамдарға ізгілік үшін берсе, онда адамдардың осы Дүниедегі бақытқа ұмтылуы күнә емес. Егер Құдай адамдарды сүйсе, онда адамдар да бір-бірін сүйуі керек, бір-біріне бақытқа жету жолында көмектесуі қажет.

Монтескье өз заманының күрделі мәселелерін терең түсіну үшін адамзат тарихына үңіліп, «Римдіктердің өрлеуі мен құлдырауы жөнінде» деген еңбегін жазады. Мұнда оның тарих философиясын байқаймыз. Ол тарихты діни жолмен түсіну (христиандық провиденциализм), я болмаса оны неше түрлі кездейсоқтық уақиғалардың жиынтығы ретінде қараудан бас тартады. Оның ойынша, «әрбір мемлекеттің өрлеуі мен құлдырауының, күшеюі мен әлсіреуінің жалпы рухани және физикалық себептері бар».

Көне замандағы римдіктердің өрлеп, күшеюін Монтескье азаматтық құндылықтардан, адамдардың өздерінің жеке мүдделерінен гөрі қоғамның жалпы мүддесін жоғары қойып, соны жан-тәнін салып қорғауға тырысқанынан көреді. Ал мұндай патриоттық, азаматтық құндылықтардың өзі саяси бостандықтың, республикалық басқару жүйесінің болуымен байланысты.

Монтескьенің «Заңдардың рухы жөнінде» деген еңбегінде ойшылдың әлеуметтік-философиялық көзқарастарын байқаймыз. Қоғамның өмір сүруі мен дамуын Монтескье заңдардың сапалығымен байланыстырады. Егер белгілі бір қоғамның ерекшелігін түсінгіңіз келсе, онда сол елдегі қабылданған заңдарды зерттеңіз. Қоғам жөніндегі мұндай түсінікті жүре келе ғалымдар «заңдық көзқарас» деп атап кетті.

Монтескье қоғамдағы заңдарды екіге бөледі. Біріншіден, ол – «табиғи заңдар», олар адамның биологиялық табиғатынан шығады. Екіншіден, әлеуметтік заңдар.

Табиғи заңдардың негізгісі – өмір сүру, ол үшін азық табу керек. Егер Т. Гоббс ол үшін адамдар тартысқа түсіп, «бәрі бәріне қарсы соғысады деген болса, Монтескье, керісінше, жалғыз адам әлсіз болғандықтан басқалардан көмек іздейді, басқалармен бейбіт өмір сүруге тырысады деген пікірге келеді. Сонымен біз Монтескьенің адам алғашқы сатысынан бастап, әлеуметтік пенде болды деген ойда болғанын көреміз.

Қоғам өміріндегі қайшылықтардың пайда болуының негізінде адамның басқалардың есебінен пайда табу ұмтылысы жатыр. Ал мұның өзі адамдардың қарым-қатынасын заңмен ретке келтіру керектігін туғызып, дүниеге мемлекет келеді.

Монтескье құқықтың үш түрін анықтайды. Бірінші, халықаралық құқықтар – мемлекет, халықтар арасындағы қарым-қатынастарды ретке келтіреді.

Екінші, саяси құқықтар – мемлекеттегі басшылар мен халықтың арасындағы қатынастарды ретке келтіреді.

Үшінші, азаматтық құқықтар – адамдардың өзара қатынастарын ретке келтіреді.

Монтескье мемлекетті басқарудың үш түрін анықтайды. Олар республика, монархия және деспотия.

Деспотиялық басқару ешқандай заңдылықты мойындамайды. Оның өзі елді бақытсыздыққа әкеліп, неше түрлі зорлық-зомбылыққа жол береді.

Республикалық басқару саяси заңмен бекітілген бостандықтардың негізінде іске асады.

Монархиялық басқару жүйесі жоғарыда көрсетілген басқарулардың екі ортасында орналасқан.

Монтескьенің саяси философиясындағы жасалған және бүгінгі таңға дейін өзекті жаңалығы – ол мемлекет билігін бөлу идеясы.

Шынайы саяси бостандық болу үшін республика, я болмаса монархия басқару жүйесінде заң беру, атқару және сот биліктері бір-бірінен бөлінуі қажет.

Монтескье әділеттіктің Құдай тағайындаған іргелі заңдары бар және олар, үшбұрыштың қасиеттері геометрлер анықтағанға дейін болатыны сияқты, адамзаттың нақты заңнамасынан бұрын пайда болған деп есептеді. Алайда бұл универсал принциптер нақты қоғамдардың сәйкес құрылымдарын анықтау үшін жеткіліксіз. Барлық уақыттар мен орындарға сай келетін әлеуметтік институттардың белгілі бір жиынтығын бөліп көрсету мүмкін емес: үкімет елдің климатына, байлығына және ұлттық сипатына бейімделген болуы тиіс.



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 16. Спинозаның саяси детерменизмі. Локктың азаматтық қоғамы, Монтескье заң туралы

Аристотель мемлекеттердің кең көлемін зерттеп, оларды үш түрге бөлді: монархия, аристократия және демократия. Элеуметтанулық зерттеулер жүргізе отырып, Монтескье де мемлекеттің үш түрін ұсынады: алайда олар республикалық, монархиялық және деспоттық. (Аристотельге табына отырып, ол республикаларды демократиялық және аристократиялық деп бөледі). Мемлекеттің әрбір түрінің өзіне сәйкес басым сипаты бар: ізгілік, ар-намыс және үрей.

Мемлекеттің үш түрінің принциптері осындай; бұл белгілі бір республикада ізгілікті адамдар өмір сүреді дегенді білдірмейді, бірақ олар болуы тиіс. Бұл белгілі бір монархия тұсында өмір сүріп жатқан адамдарды ар-намыс бар, атап айтқанда, деспот мемлекеттер адамдарында үрей сезімі бар дегенді дәлелдемейді, бірақ олар болуы тиіс. Бұл қасиеттерсіз үкімет жетілмеген болып саналады.

Деспот мемлекетте билік билеушінің өкімі арқылы жүргізіліп отырады, ол заңмен емес, дін немесе салт-дәстүрлермен бекітілген. Монархияда билікті әртүрлі деңгейдегі және лауазымдағы шенеуніктердің иерархиясы жүзеге асырады. Республикада оның азаматтарының бәрі азаматтық құндылықтарға тәрбиеленіп, қоғамдық міндеттерді атқаруға дайын болулары тиіс.

Республикалар, – дейді бізге, – салқын климатқа және шағын мемлекеттерге; деспотизм – үлкен мемлекеттер мен ыстық климатқа көбірек үйлеседі. Сицилия тұрғындарына ыңғайлы құрылым шотландықтарға ұнамас еді, себебі, теңіз аралдары таулы материктерден өзгеше. Алайда Монтескье монархияны, әсіресе, өзі Англиядан тапқан «аралас монархияны» қалайды.

Монтескьені Британ конституциясында тамсандырған және Америка Конституциясында көрініс тапқан ерекшелік – билікті бөлу принципі еді. 1688 жылғы революциядан кейін парламент корольдік министрлерге іс-әрекет еркіндіктерінің басым бөлігін беріп, жеке заңнамалық билікке ие болды, ал соттар үкіметтің араласуынан айтарлықтай тәуелсіз бола бастады. Британияның конституциялық заңында биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтары бір тұлғаның немесе мекеменің бойында бірікпеуі тиіс деген қандай да бір айқын тұжырым немесе тежеуші және қарсы теория болған емес және қазірге дейін жоқ. Десек те суверен министрлердің билігі парламенттің келісіміне тәуелді деп тұжырымдаған Ганновер жүйесін Монтескьенің жағымды түсіндіруі әлемнің көптеген бөліктерінің заң шығарушыларына ұзақ уақыт ықпал етіп келеді.

Монтескьенің пікірінше, билікті бөлу аса маңызды, себебі ол тираниядан қорғаудың ең жақсы түрін және субъект еркіндігінің ең үздік кепілін қамтамасыз етеді. Еркіндік дегеніміз не сонда? «Еркіндік дегеніміз, – деп жауап береді Монтескье, – заң рұқсат еткеннің бәрін жасау құқы». Біз сұрай алатын нәрсе: тиранияның азаматы осындай еркіндікті пайдаланбайтын болғаны ма? Біз ең алдымен Монтескье деспот заңдар арқылы емес, жарлықтың көмегімен басқарады деп есептегенін есімізде сақтауымыз керек: тәуелсіз заң шығарушы орган құрастырған құрал ғана заң болып саналады. Екіншіден, көптеген елдерде, олардың арасында Монтескьенің Франциясы да бар, азаматтар өздері заңды түрде жасаған, бірақ бүлік басындағылар үшін жағымсыз болып көрінген істері үшін тұтқындалу қаупіне жиі ұшырап отырды.